

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КЕАҚ

«Журналистика және ақпарат», «Әлеуметтік жұмыс», «Бизнес және басқару (Аудит және салық салу)», «Гуманитарлық ғылымдар (Тюркология)» даярлау бағыттары бойынша Жобаларды басқару тобы (РОӘК ОӘБ) мәжілісінің
№3 ХАТТАМАСЫ

г. Нұр-Сұлтан

7 сәуір 2021 ж.

Қатысқандар: ЖБТ-ның 86 қатысушысы

КҮН ТӘРТІБІ

1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында инклюзивті орта құру

Баяндамашы: Мовкебаева Зульфия Ахметвалиевна - ҚР жоғары оқу орындары үшін инклюзивті білім беру бойынша ресурстық консультативтік орталықтың директоры, п.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры

2. Оқытудың заманауи әдістері мен инновациялық технологияларын талдау және оларды ұсыну

Баяндамашы: Асылбекова Марзия Пазиловна - Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының профессор м.а., п.ғ.к.

3. Әртүрлі

3.1 Оқулықтар мен оқу құралдарын ОӘБ РОӘК грифін беруге ұсыну

Баяндамашы: Кулмағанбетова Альмира Саркытбековна - РОӘК ОӘБ ғалым хатшысы

ЖБТ қатысушылары (РОӘК ОӘБ)

сөз сөйлеген қатысушылардың ақпараты мен ұсыныстары назарға алынсын.

«Журналистика және ақпарат», «Әлеуметтік жұмыс», «Бизнес және басқару (Аудит және салық салу)», «Гуманитарлық ғылымдар (Тюркология)» дайындау бағыттары бойынша

ЖБТ (РОӘК ОӘБ) ШЕШІМІ:

«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында инклюзивті орта құру» бірінші мәселесі бойынша

1. Баяндамашының ақпараты назарға алынсын.

2. Жоғары оқу орындарына ұсынылсын:

- мүгедектігі бар студенттермен оқу қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік құралдар әзірлеу

- оқу процесін электронды дәрістермен және электронды оқулықтармен қамтамасыз ету және т. б.

- әртүрлі психофизикалық дамуы бұзылған студенттерге қолжетімді және бағдарланған оқыту әдістерін оқытушылардың пайдалануы

- мүгедектігі бар студенттердің жеке оқу жоспарлары мен жеке оқу кестелерін әзірлеу

- білім беру бағдарламаларына арнайы бейімделген оқу пәндерін енгізу

- қол жетімділік талаптарын ескере отырып, мүгедектігі бар білім алушылардың практика орындарын қамтамасыз ету

- ағымдағы бақылау, аралық және мемлекеттік аттестаттауды білім алушылардың психофизикалық даму ерекшеліктерін ескере отырып, өткізу

- қашықтықтан білім беру технологияларын дамыту, бейімделген on-line курстарын әзірлеу

- көмек көрсету мақсатында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар шығармашыл студенттер үшін университет базасында дамытушы үйірмелер мен клубтар құру

- әлеуметтік жұмыс мамандығының студенттері немесе түлектерін ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар студенттермен университетте жеке жұмыс істеуге тарту;

3. Инклюзияны ілгерілету мақсатында Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де қоғамдастықтар деңгейінде әлеуметтік жұмыс бойынша мамандық немесе мамандану ашу мүмкіндігін қарастыру

«Оқытудың заманауи әдістері мен инновациялық технологияларын талдау және оларды ұсыну» екінші мәселесі бойынша

1. Баяндамашының ақпараты назарға алынсын

2. Жоғары оқу орындарына ұсынылсын:

- дәрістер мен практикалық сабақтарда заманауи оқу әдістері мен инновациялық технологияларды пайдаланудың жаңа ресурстары қарастырылсын

- қашықтықтан оқыту жағдайында цифрлық білім беру ресурстарының көмегімен оқу үдерісінде «Төңкерілген оқыту» әдісін пайдаланудың мүмкіндігін кеңейту мақсатында профессорлық-оқытушылық құрамына біліктілікті жетілдіру курстары мен семинарлары ұйымдастырылсын.

«Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің грифін беруге оқулықтар мен оқу құралдарын ұсыну туралы» үшінші мәселесі бойынша

«Ішкі мемлекеттік аудит» оқу құралы РОӘК ОӘБ грифін бере отырып, баспадан шығаруға ұсынылсын (авторлар ұжымы Сембиева Л.М., Бейсенова Л.З., Шахарова А.Е., Нажмиценов Б.Т., Тажикенова С.К.)

ЖБТ жетекшісінің орынбасары

Е.А. Онгарбаев

Хатшы

А.С. Кулмаганбетова



→